

Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 20 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.21. N 1335 қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің медициналық мамандықтар бойынша оқудың 3 курсынан, басқа кәсіптік жоғары білім беру мамандықтары бойынша - 2 курстан кейін меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды енгізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды енгізуді қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесін б е к і т с і н ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі